

FTAMP 17.07.65

Ахмет Байтұрсынұлы мұрасын заманауи оқыту жүйесіне енгізудің тиімді жолдары

Р. С. Имаханбет

Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйі,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы



Аңдатпа. Мақалада Ахмет Байтұрсынұлы мұрасының тілтанымдық еңбектерінің жазылу тарихы, басылуы, таралымы жөнінде және бұл еңбектердің әлі күнге сұранысқа ие екендігі талданып-таратылады. Ағартушының тілтанымдық мұрасының өміршеңдігі талданған зерттеулерге тоқталады, сонымен бірге А. Байтұрсынұлы оқулықтарының тұлға есімі ортамызға оралғаннан кейін қайта басылған таңдамалы жинақтарын да қарастырады. Ұлт ұстазының артында қалған асыл мұрасының 1992 жылдан бері зерттеу нысанына айналғанын және бұл еңбектерді заманауи оқыту жүйесіне негіз ету арқылы тәуелсіздік кезеңдегі ғылымның ұлттық болмыстағы іргесінің нығаюының кепілі екендігіне айырықша тоқталады.



Тірек сөздер: Ұлт Ұстазы, ағартушы, реформатор-ғалым, Қазақ әліпбиі, Байтұрсынұлы емлесі, ұлт жазуының көшбасшысы, қазақ тіл білімі, ұлттық әдебиеттану ғылымы, қазақ терминологиясы.

Кіріспе

Ағартушы ұстаз Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылғы ілім-білім туралы мақаласында: «...ғылым, өнер турасында жайымыз ...жарлының халі сықылды. Ғылымның жаңа жолын табуды іздемек түгіл, тапқан ғылымға қолымызды жеткізерлік бізде еш нәрсе жоқ. Жұртқа ғылым үйретумен, көрумен, білумен жайылады. Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасына білім жайылуына, әуелі, оқу үйрететін орындар сайлы болу керек, екінші, білім тарататын кітаптар жақсы боларға керек һәм халық арасына көп жайыларға керек» деген еді. Ақиқатында, ағартушы осы «керектердің» жолында бірінші болып өзі маңайындағыларға үлгі, өнеге көрсетті, бағыт-бағдар берді. Оның дәлелі ағартушы қаламынан шыққан оқу құралдары мен ғылыми зерттеу еңбектері.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысының материалдары ағартушы ұстаздың үш бөлімнен тұратын «Оқу құралы» (1912, 1913, 1914), бастауыш мектептің 1, 2, 3-жылдық сыныптарына арналған «Тіл – құрал» (1914; 1915; 1923), «Әліппе – астары» (1913), «Әліб-бей» (1928), мектеп мұғалімдеріне «Байаншы» (1920), «Сауат ашқыш» (1926), «Тіл – жұмсар» (1928, 1929) атты кітаптары қарастырылды.

Зерттеу барысында нысанды-талдау, тарихи-салыстырмалы, кешенді жүйелеу әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

XX ғасырдың басында Қазақ әліпбиі немесе Байтұрсынұлы емлесі атауына ие болған қазақ жазуының ұлттық реңкін

толық таныту – бүгінгі тәуелсіз ғылымның міндеті. Негізі, әліпби дегіміз тек сауат ашу ғана емес, ілім-білім үйренудің бастау көзі, ғылымға апаратын сара жол. Академик жазушы М. Әуезовше айтсақ, «Ақаң ашқан қазақ мектебінің» ұстанымы – қазақ баласын ана тілінде сауатын аштырып қана қоймай, оның әлеуметтік ортада ой-танымы мен талғамын қазақша қалыптастыру болған. Өйткені, сол тұстағы қазақ арасынан оқыған, сауатты жандардың басым көпшілігінің тілі не татарша, не орысша шыққаны, сол тілдермен ана тілін араластырып, «қойыртпақ тіл» жасағаны тарихтан белгілі. Сондықтан қазақ тіл білімінің атасы – А.Байтұрсынұлы ұлт тілінің табиғи қалпын сақтау мақсатында білім беру жүйесінде ана тілмен оқытудың әдіс-тәсілін ұстанды. Әрі осы жолда қазақ ғылымы үшін түрен салып берді. «...Қазақша дұрыстап хат жаза білуге бір-екі-ақ жыл керек. Қазақша оқу дегенде мен осы күнгі мұсылманша оқып жүрген жолменен оқуды айтпаймын, қазақтың тіліменен оқуды айтамын. Бұл күнгі мұсылманша оқып жүрген жолдың бұлғалақ-жырғалағы көп, оныменен жүріп хат жаза білуге жеткенше русша білуден уақыт кем кетпейді. Себебі, қазақ тіліменен оқытпай, ноғай, түрік, парсы, араб тілінде жазылған кітаптар араласып бас қатып, мый ашып, балалар әуре-тәуре болады. Сондықтан оқу керектігі даусыз болса, оқуға керек құралдарды сайлау керектігі де даусыз. Жақсы құралменен іс істегенде көпке тиіп жанды қинамайды. Оқу құралы да сондай, жан қинамайтұғын

болса, жақсы болады. Әр істің басы қиын. Басында қиналмай кетсе, онан әрі тың кетеді. Бұлай болған соң әуелі оқу құралы жақсы болып жан қинамасына не керек?» – деп, «ана тіл» пәнсөзінің негізгі мәні атау тұлғалы ұғым екеніне салмақ салып, төл тілдің бастау көзін ашып алады [1].

Мақаладағы асты сызылған тіркестердің мазмұнын таратып жатудың өзі артық, «...Қазақша оқу дегенде мен осы күнгі мұсылманша оқып жүрген жолменен оқуды айтпаймын, қазақтың тіліменен оқуды айтамын» деп, таза арабшамен тіл сындырушылардың да ұлт тілінен ажырайтынын, қазақша қалпын жоғалтатынын айтып отырғанын жан-тәнімізбен ұғынуымыз керек. Тілі мен тіні, діні мен ділі бұзыла бастаған «Қазақты ана тіліменен оқытуды» көкседі, ана тілінде оқытудың амал-тәсілдерін, «соқырға таяқ ұстатқандай» көрсетіп те берді. Ең бастысы, «әліпби түзелмей, іс оңалмайтынын» білген ағартушы қазақ әрпін түрлеп, жүйелеуді қолға алады.

Ағартушының ұлт жазуына таңба таңдауда аса сақтықпен «қазақ ұлтының болмысын жоғалтпайтын», дыбыстық ерекшелігін бере алатын әрі ислами жолмен келген араб таңбасын алуында үлкен мән бар. Сонымен қатар, қадим жазуындағы дала ғұламаларының ұстанымдарын да негіз еткені ағартушының әрбір еңбегінен аңғарылады. Ғалым-реформатор 1912 жылы түрлеп-түзген әліпбидің кестесі ұсынамыз [2, 322 б.].

1-кесте – Байтұрсынұлы әліпбиінің кестесі

№	1912	1927	Латынша	Кирилше	Айтылуы
1	ا, آ	ا, آ	a/ä	a/ә	a/ә
2	ب	ب	b	б	бы/бі, ыб/іб
3	پ	پ	p	п	пы/пі, ып/іп
4	ت	ت	t	т	ты/ті, ыт/іт
5	ج	ج	c	ж	жы/жі, ыж/іж
6	چ	ش	c	ш	шы/ші, ыш/іш
7	د	د	d	д	ды/ді, ыд/ід
8	ر	ر	r	р	ыр/ір, ры/рі

№	1912	1927	Латынша	Кирилше	Айтылуы
9	ز	ز	z	з	ыз/із, зы/зі
10	س	س	s	с	сы/сі, ыс/іс
11	ش	ش	ş	ш	шы/ші, ыш/іш
12	غ	غ	ğ	ғ	ғы/ығ
13	ق	ق	q	қ	қы/ық
14	ك	ك	k	к	кі/ік
15	گ	گ	g	г	гі/іг
16	ڭ	ڭ	ñ	ң	ың/ің, ңы/іңі
17	ل	ل	l	л	ыл/іл, лы/лі
18	م	م	m	м	мы/мі, ым/ім
19	ن	ن	n	н	ны/ні, ын/ін
20	و/و	و/و	o/ö	o/ө	o/ө
21	ۇ	ۇ	u/ü	ү/ұ	ү/ұ
22	ۇ	ۇ	w	у	у
23	ه	ه	e	е	е
24	ى	ى	i	ы	и/ы
25		ي	i	і	і
26	ى	ه	e	и	е/й
	ء	ء			дәйекше

Сонымен реформатор-ғалым әліпбидің ғылыми сипатталуын: «Қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың жазу белгілері (харіфлері). Қазақ тілінде 24 дыбыс бар. Оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты» деп жіктеп жүйелейді. Дауысты дыбыстар: ا (a), و (o), ؤ (y), ى (ы), ه (e). Дауыссыз дыбыстар: ب (б), پ (п), ت (т), ج (ж), چ (ш), د (д), ر (r), ز (z), س (c), غ (F), ق (қ), ك (к), گ (г), ڭ (ң), ل (л), م (m), ن (n). Жарты дауысты дыбыстар: ؤ(y)±, ى(й)±. Бұл дыбыстардың ішінде қ һәм ғ дәйім жуан айтылады, г, к, һәм е дәйім жіңішке айтылады. Өзге 19 дыбыстың әр қайсысы екі түрлі айтылады: бірде жуан айтылады, бірде жіңішке. Егерде «...бұл 19 дыбыстың жуан айтылғанына бір харіф, жіңішке айтылғанына бір харіф керек десек, мысалы: «س، ت» сықылды, онда 19 дыбысқа 38 харіф керек болар еді, бұған дәйім жуан айтылатұғын ق менен غ-ларды, дәйім жіңішке айтылатұғын «ك، گ» һәм харіптерді қосқанда, һәммасына 43 харіф керек болар еді» деп жазған алғашқы ана тілінің жүйесін салушы [2, Б.323–324]. Міне, осы қазақ тілінің табиғатына қарай оның дыбысталу жүйесін

басшылыққа алған Байтұрсынұлы пайымын кейбіреулер «42 әріпті түзген» деп бұра тартып, басқаша жарнамалап жүр.

Реформатор-ғалымның зерттеуіндегі түсіндіретін танымдарға зерде-зейін дұрыс қоя білсек, араб әліппесінде 43-ке жететұғын харіф жоқ екенін, өзге жұрттың әліппелерін қазақ қабыл алмайтынын жазады. Ислами жазудың қазаққа қалай келгеніне тоқталады. «...Араб әліппесі қазақ арасына дінменен бірге таралған, сіңген, дінменен бірге байласқан әліппені алып тастап, басқа әліппені алдыру қиын жұмыс. Бұлай болған соң араб харіфлерін қазақ дыбыстарына жеткізу амалын табу керек. Араб харіфлерінің түрін тым бұзып өзгертуге болмаса, қалай амалын таппақ керек? деген өзекті сауалды өзі көтереді, әрі оның жауабын да өзі айтады. Мұның амалы менің ойлауымша мынау деп дыбыстарды жүйелеп береді. Лингвист ғалым онан әрі: «...Дауысты дыбыстарға дауыссыз дыбыстар бағынбақшы. Йағни, дауысты дыбыстар жуан айтылса – олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да

жуан айтылмақшы; дауысты дыбыстар жіңішке айтылса – дауыссыз дыбыстар да жіңішке айтылмақшы. Бұлай болғанда дауысты дыбыстардың харіфлерінің жуан иә жіңішке айтылмағын белгілеп айырсақ, дауыссыз дыбыстардың да жуан иә жіңішке айтылмағын айырғанымыз жөн» дейді [1].

XX ғасыр басында ғалым түрлеген, әрі түзген әліпби таңбасының қазақ ұлтын сауаттандырудағы рөлі қандай? Енді осы мәселе төңірегінде кеңес үкіметі тұсындағы зиялылардың көзқарастары мен пайым-танымына үңілсек. Тура сол тұстағы санаткер-азаматтардың алдына қойған ұлы міндеттерінің бірі – ол бұдан әрі «қазақ халқы ұлттық болмысы, өзіндік бет-бағдары бар ел бола ма, жоқ «баяғы жартас бір жартас» деп, бодан қалпында жүріп, өзінің ұлттық сипатынан айырылып жоғала ма» деген өзекті мәселе болатын.

Ұлттық тіл ғылымындағы Ахмет Байтұрсынұлының әліпби түрлеп-түзудегі жетістіктерін лингвист-ғалым Құдайберген Жұбанов өте жоғары бағалаған. Және ол кім көрінгенге әліпбиді, ана тілді таптатпауға бар күш жігерін жұмсаған. Мысалы: «...возрежение не выдерживают критики, потому что всякие культурное и иное достижение, оставленное нам нашими врагами – это наше законное наследие (...) Отказываться от подобного наследия так же глупо (...) мы не откажемся ни от чего, что составляет лучшее творениях предыдущей истории, если оно в наших руках может быть полезно для нас» деген айшығынан қазақтың қайқай оқығандарының, оның ішінде қалам ұстап, қазақ намысын жыртқан әрбір еңбектің қадір-қасиетін біліп қана қоймай, «заңды мұра» деп таныған және ұрпаққа тәрбиесіндегі қажетті құрал санағанын көреміз [3, 35-б.].

Енді Ахмет жүйелеген қазақ тіліндегі атау-ұғымдардың дәлдігі мен даралығына үңілсек. Қазақ елінде «Дала қоңырауы» атанған ағартушы Ыбырай Алтынсарин орыс тіліндегі «Имя существительное» дегенді «Нәрселердің атауы» десе [4, 227-б.], Ахмет Байтұрсынұлы оны «Зат есім» деп атады [5, 160-б.]. Ал орыс тілі ілімін-

дегі «Имя прилагательное», «Имя числительное» деген сөз таптарына алғашқы ағартушы «Зат-мақұлықтың қасиеттерінің аттары», «Есеп аттары» деп балама берсе [4, Б.238, 243], кейінгі ағартушы «Сын есім», «Сан есім» деген атау-ұғым берді [5, 162-б.]. «Местоимение» деген орыс терминіне алғашқы ұстаз «Ақыры өзгерілмейтін сөздер» деп аударса [4, 248-б.], кейінгі әдіскер «Үстеу», «Демеу» дейді [5, Б.165–166]. Бүгінде бұлар қазақ тілінде қалыптасып кеткен атау-ұғымдарды білдіретін пәнсөздер. Бұл қазақ тіліндегі қисындардың қалыптасуы үшін алдыңғы буын өкілдерінің жіберген кемшіліктерін түзеп-түрлеу арқылы қазақ тіл білімі, ұлттық әдебиеттану оқулықтарының ереже-заңдылықтарын жасаушы – Ахмет Байтұрсынұлы болғанын айғақтайтын дәйектер.

Қазіргі бастауыш мектептерге арналған 1-сынып әліппесіндегі «Қазақ алфавитінің» авторын ажырата алмайтын мұғалімдер бар екені де жасырын емес. Ақиқатында, есімі аталмаса да Байтұрсынұлының төте жазудағы «24+4 (дәйекше арқылы)» таңбамен түзілген әліпбиі аз өзгеріспен Кеңес кезеңіндегі мектепке, йағни, бірінші латын, сонан соң кирил таңбалы әріпке қопарылып, көшіп отырды... Осылайша ағартушы түрлеген ана тіл ұрпағына жылдар бойы қызметін көрсете берді. Мұны бүгінгі қазақ ғылымы жоққа шығара алмайды, тек жаңсақ пікірлерге, мәселен, «Ахмет Байтұрсынұлы 42 әріпті жасаған» дейтін кейбір қате тұжырымның баспасөз беттерінде белең алуы ойландырады. Сондықтан «Қазақ әліпбиі, қазақ жазуын жетілдірудегі Ахмет Байтұрсынұлының рөлі» деген тақырып аясында мектеп бағдарламасына арнайы сағат бөліп оқыту өзекті мәселелердің бірі деп білеміз. Осы тұста орыстың тіл зерттеуші ғалымдары Ахмет түрлеген төте жазуды «Байтурсуновская графика», «Байтурсуновский алфавит» деп атап, түркі әліпбилері ішіндегі «ғылыми жүйеленген ірі жетістік» деп бағалағанын тағы бір қайтара еске салудың артықтығы болмас деп ойлаймын. Себебі, Қазақ әліпбиіне таңба таңдауда «даулы мәселелерден» арылмай келеміз. Сондай-ақ, біздің бүгінгі жетілген қазақ тіліндегі 40 (Жуан «ъ», жіңішке «ь»

белгіні есептеу шарт емес.) әріптің түп негізі – А.Байтұрсынұлы емлесі негізінде жасалғанын ескеріле бермейді.

Ғасыр басында А. Байтұрсынұлы таңдаған төте жолдың байыбын дұрыс ұғынбаудан жазу мәдениетінде өркениетті елдерден кейін қалып, әлі күнге «қай жазуды алу керек» деген тартысты-айтысты мәселенің жетегінде жүрміз. Негізінен, төте жазуға тұрақтамауға кеңестік саясат кері ықпалын тигізген. Дегенмен өркениетті елдердің ғалымдары жоғары бағалаған А.Байтұрсынұлы емлесінде тұрақтылық танытқан болсақ, оңынан жазылатын әріптің қасиетін басқаша ұғар едік. Ислам дінімен бірге келген «әліптің» адамзат баласын игіліктерге жетелері хақ екенін ой-түйсігімізбен қабылдағанмен, ұзақ жылдар кирилл әрпімен құрсауланған «құлдық сана» шырмауынан шыға алмай жүргеніміз де шындық. Десе де орыс ойшылдары жоғары бағалаған «Байтұрсынұлы әліпбиінің» астарына үңілу – біздің парыз.

Сонау қиын қыстау, сын сағат 1930–1937 жылдардың өзінде қазақ зиялылары елінің, жерінің мақсатына бағытталған игі істерді бағалаған. Және мүмкіндігінше сақтап қалуға басын өлімге тіге отырып, батыл шешімдерге бір «тәуекелі» арқылы барған. Оған олардың артында қалған мұралары айғақ. Кейде сол тұстағы заман ағымына қарай бұра сөйлеуге партия алдында мәжбүр болғандарымен, ұлттық нақыштағы мәдени мұраларды, мейлі олар «халық жауының» қолынан шыққан жетістіктер болса да, бұл «біздің заңды мұраларымыз» деп қорғаған. Олардан «бас тартуға болмайды» деп, сол тұстағы оқу-ағарту саласына керегінше жаратудың тиімді жолдарын қарастырған. Олар айтқан өзекті ойлар – бүгінгі тіл танымындағы құнды ойлар болып қала берері де хақ. Өйткені, ғасырдан ғасырға заман алға озған сайын заманауилықтың жетегінде кетпей, ұлттық болмыстың бірден бір белгісі – «әліпбиді қаймағы бұзылмаған күйде сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуді – ұлттық мүдде» деп түсінген жөн.

«Оқу құралы. Қазақша алифба» кітабы алғаш 1912 жылы Орынбордағы жарық

көрген. Автор «Балалар, бұл жол басы даналыққа» деп басталатын «Тарту» атты ғибрат тақпағын оқулықтың беташары ретінде берген [5]. Кітапта қазақ әріптері төте жазу жолымен рет-ретімен беріледі де, әрбір әріптің тұсына таңбасы және сол таңбаның атауы жазылады. Және төменгі жағына мұғалімге түсінік, йағни нұсқаулығы қатар ұсынылады. Сонымен қатар, соңына қазіргідей шұбыртпалы ұзыннан-ұзын мәтіндер емес, қысқа әрі нұсқа оқушының ұғымына сай, түсінігіне лайық мәселен: Туысқан-туған атаулары, тұрмысқа қажетті киім, үй саймандары, ыдыс-аяқ, мал мен хайуандар атаулары және ас-тағамдармен қатар, дене мүшелерінің атаулары т.б. қамтылады.

Оқу құралының екінші кітабы алғашқы әліппеге жалғасты ретінде толықтырылып, 1913 жылы шықса, «Әліппе – астары» атты әліппеге жетекші құралы 1924 жылы жазылған. Осы оқулықтардың бала сауаттандырудағы қажеттілікті өтеудегі зор қызметіне, оның 1912, 1913, 1914, 1916, 1921, 1922 (2 рет), 1923, 1925 жылдары жиі басылым көруі айғақ. Кітап ғалымның аяулы есімі ақталғаннан кейін бірінші рет бүгінгі әріпке түсіріліп, ҰҒА Тіл білімі институтының дайындауымен 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинаққа енді [5, Б.33–47].

Сондай-ақ, Қырғыз республикасының филолог-ғалымы Дыйканов Карбоз өз қаражатымен осы кітаптың 1914 жылғы басылымын 1991 жылы 5000 данамен қайтадан бастырды [6]. Кітап қаз-қалпында, йағни төте жазумен жарияланды. Ал кітаптың әр жылдары жарық көрген барлық нұсқаларын тауып, салыстыру мүмкіншілігі болмады. Ұлттық кітапхананың сирек қорында бұл 1912 жылғы оқулық сақталмаған. Оқулық – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мұрағатында болуы мүмкін.

Қазақ балаларын сауаттандыруда оқылатын кітап тапшылығы, тіпті жоқ екеніне алаңдаған әдіскер Ахмет бастауыш мектептерге арналған негізгі және көмекші оқу құралдарын жазып шығаруды да қолға алады. Ағартушы ұлт мектебінің негізгі құралы болып табылатын Қазақ тілі

пәнінің арнайы оқулықтарын кезең-кезеңге бөле отырып, сатылай жасайды. Тілді оқытатұғын 1914 жылы Орынборда жарық көрген «Тіл – құрал» кітабының бірінші жылдығын: «Дыбыс жүйесі және оның түрлері» деген атау берді. Ал, екінші жылдықты: «Сөз жүйесі және оның түрлері» (1915) десе, үшінші жылдықты «Сөйлем жүйесі және оның түрлері» (1923) деп атады. Бұл оқулықтарында тыңнан жол салып, іс тәжірибеде оқытылатұғын тілдің анықтамасы, ережелері мен қисындары, оны дағдыландырып үйрететін түрлі жаттығуларды құрастырды.

Ағартушы-әдіскер кітап жазу ісіне кенеттен келген жоқ. Ол бұл жолға қазақ арасындағы ұзақ жылдардан бері артта қалып келе жатқан «кенже сала» деп аса үлкен дайындықпен кіріскен. Ол өзге тілден енген бөтен сөздерді қал-қадірінше қазақша қалыпқа түсіріп отырған. Ағартушының оқулықтары – қазақ балаларына ана тілін оқытуда қажеттілікті өтегені соншалық, жиі-жиі қайтара басылып отырған. А.Байтұрсынұлы 1913 жылы «Оқыту жайынан» деген өзекті мақаласында мектептегі оқу жұмысының үш нәрсеге тәуелді екенін айтады. Яғни, бірінші – ақша (қаражат), екінші – құрал (пән кітаптар), үшінші – мұғалім. Осы үш негізгі мәселенің басын шешіп алмай, бала оқыту ісі алға жылжымайды дейді. Ахметше пайымдасақ, осы «...үш тіреуі тең болса, оқу қисаңдамай, ауытқымай, түзу жүреді. ...тең болмағандағы оқу жұмысы аумалы жүк сыйақты, орнықсыз. Жүгі ауған көштің жүрісі өнбейді. Орнықты оқу болмай, қалт-құлт етіп оқытқан білім үйретіп жарытпайды» екен [7].

Ағартушы-әдіскердің айтқандары бүгінгі күнгі заманауи форматтағы бала оқыту мәселесімен де үндес. Жалпы, оқу-білім беру, оны үйрету тақырыбы қашанда күн тәртібінен түспейтін өзекті тақырып. «...Әуелгі тіреу – ақша, ол жұрттан шықпақ. Екінші тіреуі – оқуға керекті құралдар. Ол құралдардың ішінде ең қымбаты – оқу кітаптары. (...) оқу құралдары оңды болмаса, оқу да оңды болмайды. Шеберге аспап серік, мұғалімге құрал серік. (...) құралсыз мұғалімдер бала оқыта алмайды» - дейді әдіскер-ұстаз [7]. Ең бастысы, мектепке

қажет оқулықтарды жазуды өзі бастап, басқаларға дұрыс жолды көрсетеді. Әлбетте, бұл күнгі орта, жалпы білім беру мектептерінде бала оқыту ісі, мемлекеттік қазына есебінен жүргізілетін шешімі табылған мәселе екендігі басы ашық нәрсе. Ал, Ахметтер мұғалімдікті бастаған тұста Ресей патшалығы қазақ мектебі үшін қазынадан қаржы бөлмеген, ол жергілікті халықтың бай-манаптарының қолының кеңдігіне орай шешілетін толқымалы мәселе болатын. Кейін Кеңес үкіметі орнаған тұста, бұл мәселе оң шешімін тауып, барлық саладағы бала тәрбиесі, баланы оқыту істері тегін атқарылды.

А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің грамматикасы – фонетика, морфология, синтаксисті тұтас бірлікте алып, ұлттық тіл ғылымын жасады. Бұл күні қалыптасқан қазақ тіл білімінің ғылымы аз ғана уақытта қаланған жоқ. Ол талай жылғы, талай-талай майталмандардың көз майы жегілген жұмыстардың нәтижелері арқылы жинақталды. Ғалымның өзі айтқандай, тілдің әуелі грамматика ілімін қалыптастырудан, сонан соң грамматикалық құрылысын зерттеп-зерделеп, қалаудан басталды. Мұны өзі өмір сүрген тұстағы замандастары «Ақаң түрлеген ана тілі», «Ақаң салған әдебиеттегі асыл сөз» деп әспеттесе, тәуелсіздік кезеңдегі ғылымның сала мамандары қазақ тіл біліміндегі «Байтұрсынұлы бастаулары» деп жүр [8, Б.3–13].

А.Байтұрсынұлы тілтанымдық мұра бойынша ой-тұжырымын: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. ...Біздің заманымыз – жазу заманы, жазу мен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман», - деп жазды [9]. Сондықтан ол қазақ әліпбиін қайта түзіп, түрлеудің, ана тілінде оқулықтарды жазудың мәні зор екенін қоғам ахуалмен байланыстыра отырып, аса жауапты жұмысты қолға алған. Реформаланған араб жазуы негізіндегі қазақ әліпбиінің өз кезінде қазақ халқының мәдени дүниесінде зор серпілістер әкелгенін, қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба дүниелердің дамуына, баспа жұмысының жандануына ықпал еткені туралы замандастары жарыса жаз-

ды. Мәселен, ұлт зиялылары ішінен алғаш қалам тербегендер – М. Дулатов, Е. Омаров, Т. Шонанұлы, С. Сейфоллаұлы және М.Әуезов т.б. болды. Яғни, тұлғаның ұшан-теңіз атқарған жұмыстары айырықша аталып, жоғары бағаланды.

Қазақ филологиясы ғылымында А. Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы туралы бірнеше зерттеу еңбектер жазылды. Атап айтсақ: 1) 1991 жылы Ө. Айтбаев «Қоғамдық ғылымдар терминологиялық лексикасының қазақ тілінде қалыптасуы мен дамуы» (докторлық диссертация) [10], 2) 1994 жылы Н. Машқанова «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ жазуының реформаторы» [11], 3) 1995 жылы А.Қыдыршаев «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» [12], 4) 2005 жылы Қ. Ибрайымов «Ахмет Байтұрсынұлының еңбектеріндегі терминология және стилистика мәселелері» [13] атты кандидаттық зерттеу жұмыстарын жазды.

Тілші-мамандар өз еңбектерінде тіл саласындағы ғалым жүйелеген категорияларды бүгінгі таныммен байланыстыра қарастырды. Зерттеушілер А.Байтұрсынұлының айшықтары мен тұжырымдарын қазақ тіл білімінің бастауы деп таныды. Бұл күні ағартушының қайраткерлігін педагогикалық қырынан да зерттеген ғылыми еңбектер едәуір. Мәселен, 1) 1999 жылы Р. Үсембаева «Ахмет Байтұрсынұлы мұралары арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу» [14], 2) 2000 жылы Б.Иманбекова «А.Байтұрсынұлының тәлімдік ой-пікірлерін педагогикалық колледждердің оқу тәрбие үрдісіне енгізу жолдары» атты ғылыми еңбектер қорғады [15].

«Тіл – құрал» оқулығы негізінен, үш жылдыққа арналып, әр жылғы сыныптарға жеке-жеке жазылған құрал. Бірінші тіл танытқыш кітап: Дыбыс жүйесі мен түрлері (1914), екіншісі: Сөздің жүйесі мен түрлері (1914–1915), үшіншісі: Сөйлем жүйесі мен түрлері (1923). Барлығы да Орынборда жарық көрген [16, 17, 18]. Әдіскер ұстаз осы оқулықты не себепті үш жылға бөлінгенін түсіндіре отырып, бірінші жылы оқылатын «Тіл – құрал» тіл білімінің негізі болғандықтан мұғалімдердің алғашқы

жылы нық үйретулері керектігін ескерттеді. Бірінші кітапта әріптер, буындар, әріптер туралы ережелер, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары оқытылса, жеткілікті екенін айтады. Дүниедегі жұрт тілінің негізі үшке: «Түбіршек, жалғамалы, қопармалы» болып бөлінетіні, ал қазақ тілінің қай топқа жататынын әрі оның негізгі ережелерін түсіндіріп береді. Сонымен қатар, оқулықта қолданылуға тиісті әдіс-тәсілдердің қандай жолмен оқытылуы керектігін ұғынықты етіп түсіндіреді. Оқулықтың тақырыбы қарапайымнан күрделіге қарай оқыту тәсілі сатылана қолданылып кітаптың екінші, үшінші жалғасы жазылды.

Ағартушының бала оқытудағы әдістемелік мұрасы туралы тілші ғалым А.Қыдыршаев ғылыми зерттеу еңбегінде әдіскердің еңбектерінің жазылу тарихы, әліппе мен оқулықтарының әдістемелік негізі, жалпы сипаттамасы жөнінде сараптамалық талдаулар жасады. Зерттеуші еңбегінде «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің іргетасын қалаушы» екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп шығып, ағартушының әдістемелік мұрасының бүгінгі оқыту ісімен сабақтастығын, тұлға мұрасының өміршеңдігін жазды. Шындығында, осы «Тіл – құрал» кітабының бірінші бөлімі – 7 рет, екіншісі – 8 рет, үшіншісі – 6 рет басылған.

«Байаншы. Әдістемелік құрал» атты еңбегі әдіскер-ұстаздың қазақ мұғалімдері үшін жазған нұсқаулығы, Көлемі – 1 баспа табақ. Бұл нұсқаулық 1920 жылы Қазан баспаханасынан жарыққа шығады [19]. Ағартушы ұстаз өзінің 14 жыл бойы бала оқытқан тәжірибесіне сүйене отырып, заман талабымен келген жаңа оқу жолын (усул сотие) қалай оқыту керектігіне мектеп оқытушыларына «Қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың жазылу белгілері», «Дыбыспен жаттығу» деген аңдатулық мағлұмат береді.

«Тіл – жұмсар» атты екі бөлімнен тұратын әдістемелік көмекші құралының бірінші кітабы – 46 бет (1928), екіншісі – 90 бет (1929) Қызылордада жарыққа шыққан [20]. Осы кітаптың аңдату орнына берілген «Дәйектемесінде» бұл құралдың қажет-

тілігі туралы, бұрынғы құралдардан айырмашылығы жаңа жолмен үйретуге ыңғайланып шығарылғаны айтылады. Мұнда: «...білімді үйрету жолы басқа. «Тіл – құрал» қазақ тілі қандай құрал екендігін тұтас түрінде таныту үшін түрлі бөлшектерін, тетіктерін, ұсағын ұсағынша, ірісін ірісінше жүйелі тұрған орнында алып көрсетіп танытады. «Тіл – жұмсар» сол үлкен құралдың бөлшектерінен, тетіктерінен балаға шағындап бөлек-бөлек ойыншық сияқты құрал жасап, соларды танытып, соларды жұмсату арқылы барып үлкен құралды танытады» - дейді [20, Б.1–2]. Жетекші кітаптың басты мақсаты – баланы сауатты сөйлеуге, оқуға, жазуға, жаңа емлені қиындықсыз қабылдауға дағдыландыру. Яғни, сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы таныту, үйрету. Бұл кітаптың 1-бөлімінде көбінесе, әріптер мен әріп таңбаларын түрлі орында жұмсалатын сөз бен сөйлем белгілерін жаза білуге үйрету болса, 2-бөлімінде осы өткендердің ауқымын кеңейте отырып, пысықтау мен бақылау жұмыстарын қатар атқару қарастырылған. Кітап көлемі шағын, 15 параграфтан тұрады. Оқулық – 1992 жылғы жинаққа енген [20, Б.323–333].

«Сауат ашқыш» атты еңбегі сауатсыз үлкендер үшін жазылған. Кітаптың түпнұсқасында алғаш 1926 жылы Семейдің баспасынан жарияланғандығы айтылады. Негізінен, бұл кітап 1924 жылы Орынбор баспаханасынан 114-бетпен жарық көрген [21]. Оқулық ересек үлкендерге арнап жазылғандықтан дыбыс әдіс жолымен тәртіптелгені оқулықтың өн бойынан байқалады. Мұнда әрбір әріптің тұсына атау сөз беріледі де соңына осы сөздерге арнайы сөз тіркестерін қоса береді. Бір ғажабы, бұл кітапта да «Қырық мысал» жинағындағыдай қырық тақырып қарастырылған. Тақырып «Торайғыр бидің тақпақтарынан» өріліп, «Қуанышты күн» деген Ғ.Сұлтанұлының шағын әңгімесімен аяқталады. Кітапқа Абайдың «Шырылдауық шегерткесі», Шорман жинағынан төрт танымдық әңгіме, Ы.Алтынсары кітабынан: «Үш мерген», «Жәнібек батыр», «Қыпшақ Сейітқұл», Елдес Омаровтың «Қазақ салты» және «Дағдылы жол мен айлалы жол», Телжан Шонанұлының «Күн» (Толстойдан), «Тамшының та-

рихы» атты аудармалары, Қыр баласының (Әлихан Бөкейхан) «Дүние қандай?» т.б. ауқымды тақырыптағы түрлі әңгімелер мен алуан тақырыптағы шағын өлеңдер топтастырылған. Жалпы саны – 40 мәтін, оның ішінде 7 өлең, 2 аударма-тақпақ, 4 мысал-өлең, 25 әңгіме, 2 көркем аударма қамтылған. Оқулықтың 1926-шы жылғы басылымы «Тіл тағылымы» жинағына енген [21, Б.91–138].

«Әліб-бій. Жаңа құрал» кітабы 1926 жылы бұрынғы «Оқу құралы: Қазақша алифба» оқулығы жалғасы ретінде жазылған [22]. Кітап 14 жылдан соң қолданылған тәжірибе сынақтан өтіп қайта өңделіп, 1926 жылы Қызылорда баспаханасынан шыққан, 1928 жылы тағы басылды. Алғашқы басылым 116 бет, кейінгі басылым 114 бет. 1927 жылғы екінші басылымы табылған жоқ. 1928 жылғы оқулықтың ішкі мұқабасында үшінші рет басылғандығы айтылады. Ұлттық кітапхананың Сирек қор бөліміндегі тіркемеде осы оқулықтың 1924, 1926, 1927 жылдары жарық көргендігі туралы картотекалық ақпар бар. Бірақ, ол басылымдардың мәтінімен толық танысудың мүмкіндігі болмады. 1926 және 1928 жылғы басылымдарды салыстырғанда өзгерістер байқалмады.

1928 жылғы нұсқа 1992 жылғы «Тіл тағылымы» атты жинаққа енді [22, Б.49–89]. 1992 жылғы қайта басылымда түпнұсқадағы сүгіреттер берілмеген, кесте ішінде бос орында қандай сүгірет болу керектігіне ескерту айтылады да төте жазумен қатар кирилше жазылуын берген. Мәселен, 1926 жылғы нұсқада әр тақырыпқа қажетті сүгіреттердің барлығы дерлік түгел берілген. Және осы сүгіреттер арқылы сабақ оқытуда баланың қабылдауына жеңіл болатынын негізге алған әдіскер кейінгі басылымда да сүгіреттердің көрнекті болғанын назарда ұстаған. 1992 жылғы басылымда сүгіреттер басты назарда болмаған, түпнұсқадағы 32-беттегі: «Кім табды?» деген айдаршамен берілетін топтамалы 9 сүгіреттің тақырыпқа сай орны, «Тіл тағылымы» жинағында басқа 54-бетке ауысып кеткендіктен, сүгіреттің төменгі жағында берілген жұмбақты шешу шарты: «Мұның да істеу реті алдыңғыша» деген түсіндірмелік, шындығынды «түсініксіз-

деу» болып тұр. Осы сынды кемшіліктер төте жазуды қазіргі әріпке түсіргенде де кездеседі. Мысалы, «сүгірет–сурет, қаріп–әріп, қадымше–қадымша, бүтін–бөтен» тәрізді сөздер өзгеріске ұшыраған.

1928 жылғы түпнұсқа – 1998 жылы ғалымның 125 жылдығына орай, әрі соңғы басылымның 70 жылдығына арналып, «Рауан» баспасынан 1000 таралыммен қайта жарық көрді [23]. Бұл жинақтың ерекшелігі – төте жазу емлесі қаз-қалпында сақталып, беттің төменгі жағына қазіргі жазуға түсірілген нұсқасы берілген. Төте жазудан көшіріп, редакциясын басқарған Ұлықман Асыллов. Бұл кітаптың бүгінгі оқушыға берер зор көмегі сол – ғасыр басындағы ұлт зиялылары қолданған жазуды «дөп басып, нақтануға» мүмкіндік береді. Және төте жазуды үйренгісі келген оқырманға бірден бір көмекші құрал іспетті. Бұл кітаптың 1928 жылғы басылымнан шартты баспа табақ жағынан айырмашылығы жоқ. Екеуі де 114 бетпен аяқталып тұр. Тек кейбір тұстары мәселен, ішкі мұқабадағы: «Жер жүзінің еңбекшілері, бірігіңдер!» деген ұранды тіркес ерскерілмеген, шығарушыдан берілген аңдатудың ретімен тізбектелген төртінші азат жол үшінші жолға қосылып берілген. Ал 7-бетте: «мұғалімдерден–мұғалымдардан», «жанастырыб–жамастырыб», «жүзіндегі–жөніндегі» деген сөздер өзгерген. Келешекте бұл оқулықтарды салыстырып, әр жылдағы оқулықтардың айырмашылығы мен жаңалықтарын қарастыру тіл мамандардың міндеті.

Қазақ терминологиясы тақырыбы қашанда күн тәртібіндегі өзектілігін жоймайды. Мәселен А.Байтұрсынұлы 1929 жылы жазған «Өмірдерегінде»: «...Орынборға келгеннен кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен, екіншіден, қазақ алфавитін, орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен, үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан арылтуға, ...термин жасау арқылы халықтың жанды тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым» дейді. Мұны өзі жасаған оқулықтар мен өзі басшылық еткен «Қазақ» газеті арқылы жүзеге асырғанын ай-

тады. Ғалымның тіл білімі саласындағы еңбектерін саралау, жүйелеу, оларға тарихи тұрғыдан баға беру бүгінгі тілші-ғалымдардың еншісіндегі жұмыс. Академик Ө.Айтбаев тұлғаның термин жасау тәжірибесін саралай келе, оны «қазақ терминологиясының атасы» деп бағалады [24].

Ахметтанушы, тілші-ғалым Р.Сыздықова: «...Терминдік мәндегі күрделі атауларды ұсынуға А.Байтұрсынұлы тек ұғым дәлдігін ғана көздеп қоймай, сипаттама (характеризующий) компонентін әсерлі, үнді, тұлғалас сөздер болып келуіне қатты назар аударған... әдебиеттану саласында ұсынған терминдерінде бір тектес жеке сөздер мен әдемі әсерлі «ойнақы» компоненттер ...көбірек кездеседі. Мысалы, өлең кестесін – шумақ, тармақ, бунақ, буын құрайды деуі; бернелеу, әсірелеу, меңзеу деп, олардың барлығын «-у» жұрнағымен жасауы немесе көрнекті лебіз, көсе лебіз, көрнек өнері дегендерге ұйқасты сөздерді алуы – осыны дәлелдейтін нақ деректер» - дейді [25; 26, Б.250–261]. Тілші-ғалымның сөзіне жүгінсек, А.Байтұрсынұлы қазақ сөзінің икемділігін (сөз жасау қабілетінің), үндестігін (ұйқас, әуендес келетіндігін) шебер пайдаланғанын жазады.

А.Байтұрсынұлының қаламынан шыққан терминдердің, жасалу әдістерін ғылыми тұрғыдан зерттеген еңбектің бірі ретінде С.Ақаевтың «Терминнің тілдік және танымдық сипаты» атты жұмысын атауға болады [27]. Бұл ғылыми еңбекте жалпы және қазақ тілінде терминдік сөз табының пайда болуы, жасалуы талданып, кезеңдестіріледі. Зерттеуде тілтанушы ғалымның қазақ тілінде терминдерді арнайы жасаудағы тәжірибесі, маңызы, терминдердің тәсілдік сипаттары кеңінен сөз болады. Бұл зерттеуде қарастырылған тұжырымдарды ғылыми айналымға түсіріп, оқу үдерісінде қолдану маңызды.

2008 жылы Ш.Құрманбайұлының «Алаш және терминтану» атты монографиясы жарыққа шықты [28]. Ғылыми зерттеуде ХХ ғасыр басындағы қазақ терминологиясының дамуы, қалыптасуы қарастырылған. Жұмыстың алғашқы тарауы «Алаш зи-

ялыларының ұлттық терминқор қалыптастыру міндеті» деп аталып, мұнда қазақ ғылым тілінің ұлттық терминологиялық қорының қалыптасуына негіз болған факторлар туралы сөз болады. Зерттеуші ғасыр басында қазақтың ғылым тілінің қалыптасуы мен ұлттық терминологиялық қордың жасалуына үлес қосқан зиялылардың еңбектеріне жеке-жеке тоқталған. Ш.Құрманбайұлы Ахметтің замандастары ата буын «ұлт көсемі» деп дәріптеген, бүгінгі аға буын тілші-ғалымдар «ұлт мәдениетінің Хан тәңірі» деп асқақтатқан ұлт ұстазына «Қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы Ахмет Байтұрсынұлының рөлі», «Ахмет Байтұрсынұлы және ХХ ғасыр басындағы терминологиялық жұмыстардың жүргізілуі» деген тақырып арнап, ахметтанудың негізін салушы тілші, әдебиетші ғалымдардың ой-тұжырымдарын негізге алады. Олардың бірімен келіссе, енді бірімен келіспейтінінің себептерін ғылыми тұрғыдан таратып талдайды.

Мәселен, Ш.Құрманбайұлы ғалымның 125 жылдығына арнайы өткізілген халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарын ғылыми жинақ етіп құрастырған, әрі жауапты редакторы, ғалым Е.Жанпейісовтың алғысөзіндегі «Байтұрсынов дәуірі», «Байтұрсынов ғасыры» деген түйін сөзімен келісе қоймайды. Бірақ, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін салған Ахмет Байтұрсынұлының қызмет жасаған аралығын «Байтұрсынұлы кезеңі» деп атаған орынды деген пікірін білдіреді. Шындығында, Байтұрсынұлы негіздеген термин жасау ғылымының «жалғасын таппауы» зерттеуші өзі айтып отырғандай 30 жылдары Алаш зиялылары кеңестік жүйенің содыр саясаты салдарынан қуғын-сүргінге ұшырауы себепті іске аспай қалды емес пе?!

Ендеше, Ұлттық терминнің үзіліске ұшырауына Ахметтер емес, «басқарушы биліктің сыңаржақ саясаты» кінәлі екенін бүгінгі ұрпақ білуге міндеттіміз. Тіл маманы Ш.Құрманбайұлы ғалымға арнаған зерттеу тақырыбында, оның 10–15 жылда ұлтқа жасаған қызметін ғылыми дәйектемелер бойынша саралап, атқарған жұмыстарын былайша жіктейді: «1) Қазақ тілі білімінің

терминологиясын жасаушы; 2) Қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым, осы ғылым саласының ғылыми терминологиясын да жасаған; 3) Әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты көптеген терминдер жасаған; 4) Қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтап, терминжасам тәжірибесінде кеңінен пайдаланған ғалым; 5) Жекелеген ғылым салаларының ғана емес, бүкіл қазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей әсер еткен айрықша тұлға; 6) Қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаушы; 7) Қазақ оқығандары жасап, ресми бекіткен терминология қағидаттарын бүкіл түркі халықтарына ұсына отырып, түбі бір туыстас тілдердің терминологиялық қорының ортақтық сипатын арттыруды көздеген кең тынысты түрколог ғалым» [28, Б.29–46].

Әлбетте, бұл тізбектелген салалар бір адамның басына аз жұмыс емес. Егер А.Байтұрсынұлы басқарушы билік тарапынан 5 рет сотталып, 2 рет жер аударылмағанда өзі сүйген өз ұлтты үшін тағы талай жұмыстарды атқарар еді. Зерттеуші қарастырып отырған терминология саласы бойынша Ахметтің даралығы мен даналығын нақты көрсете алған. Ш.Құрманбайұлы түйін сөзін «аса көрнекті тілші ғалым» деп қорытыпты [28, 53-б.]. Бұған қосарымыз: Ахмет Байтұрсынұлы егемен елінің ұрпағы тарапынан «Ана тілдің айбары», «Ғасыр саңлағы» деп ұлықталған ұлы ағартушы, ғұлама ғалым һәм кемел тұлға. Нақтырақ, қазақ тіл білімі мен ұлттық әдебиеттану ғылымының негізін салушы теоретик ғалым.

Қорытынды

Ағартушы ұстаз А. Байтұрсынұлы оқулықтарының өміршеңдігіне қайта оралсақ. Мәселен, мемлекеттік мұрағаттарда қатталған тарихи деректермен қатар, өмір тәжірибесінде оқу-ағарту саласы бойынша ұрпақтың сауатын ашу үшін үнемі қолданып жүрген әліппе, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану оқулықтары дәлел. Сөзіміз дәлелді болуы үшін осы оқулықтардың

ағартушының көзі тірісінде басылуын ретімен тізімдеп, баяндап көрейік:

- 1) Қырық мысал. 1909, 1913, 1922 – 3 рет;
- 2) Маса. 1911, 1914, 1922 – 3 рет;
- 3) Оқу құралы. Қазақша алифба. 1-кітап. 1912, 1913, 1914, 1916, 1921, 1922, 1923, 1925 – 9 рет;
- 4) Оқу құралы. Алифбаға жалғасты. 2-кітап. 1913 (2), 1923, 1924 – 4 рет;
- 5) Оқу құралы. Усул сотие жолымен, әліп-биге байаншы. 1913, 1921 – 2 рет;
- 6) Оқу құралы. 1-ші кітап: Үлкендер үшін. Семей, 1921 – 1 рет;
- 7) Тіл – құрал. Қазақ тілінің сарфы. 1-ші жылдық. Дыбыс жүйесі һәм түрлер (фонетика) 1914, 1918, 1920, 1922, 1924, 1925, 1927 – 7 рет;
- 8) Тіл – құрал. Қазақ тілінің сарфы. 2-ші жылдық. Сөз жүйесі һәм түрлері (морфология) 1914, 1915, 1920, 1922, 1923, 1924, 1925, 1927 – 8 рет;
- 9) Тіл – құрал. 3-жылдық. Сөйлем жүйесі һәм түрлері (синтаксис) 1923, 1924, 1925, 1926, 1927, 1928 – 6 рет;
- 10) Байаншы. Мұғалімдер үшін. 1920 – 1 рет;
- 11) Уголовный кодекс РСФСР. Баспаға 1921 жылы дайындалып, өндіріске жіберілгені туралы мұрағаттық мәлімет бар. Табылмады – Р.И.
- 12) Ер Сайын (Жыршылар айтуынан өңдеп өткеруші А.Б.), 1923 – 1 рет;
- 13) Мәдениет тарихы. Қызылорда, 1923. Беті белгісіз. Табылмады – Р.И.
- 14) Әліппе астары. Қазақша әліп-би үйретушілерге баяншы. 1924 – 1 рет;
- 15) Әліп-би. Жаңа құрал. 1926, 1927, 1928 – 3 рет;
- 16) Сауаташқыш. Сауатсыз үлкендер үшін. 1924, 1926 – 2 рет;
- 17) 23 жоқтау. 1926 – 1 рет;
- 18) Әдебиет танытқыш. 1926 – 2 рет;
- 19) Оқу құралы. Сүгіретті. (Т.Шонанұлымен бірге). 1927, 1928 – 3 рет;
- 20) Тіл – жұмсар. 1-ші бөлім. 1928 – 1 рет;
- 21) Тіл – жұмсар. 2-ші бөлім. 1929 – 1 рет;
- 22) Практическая грамматика. 2-ое стереотипное издание. 1929 – 1 рет;
- 23) Шаруалық өзгеріс. /Қолжазба/. Әңгіме №4., Жылы белгісіз.

Бұл мәліметтер Ұлттық кітапхананың Сирек кітаптар қорына тіркелген кітаптардың картотекалық тізілімін сараптау бойынша түзілді. Негізі, Ахмет Байтұрсынұлы 1929 жылы жазған «Өмірдерек» атты ресми баянатында жарияланым көрген кітаптарының санын – «14» деп көрсетеді. Біздің анықтауымызда басылым көрген туындыларының саны – 20, Басуға өткізген қолжазбасы – 3. Ресми құжатты толтырғанда ағартушы өзінің жинап, өңдеп құрастыруымен бастырған «Ер Сайын», «23 жоқтау» (Ә.Бөкейханмен бірге) жинақтарын және «Оқу құралы» атты мектеп сыныбына арналған пән кітабының 3-ші бөлімін көрсетпеген. Сондай-ақ, бұл күні белгілі болып отырған «Мәдениет тарихы», «Уголовный кодекс РСФСР» атты кітаптары жөнінде де мәлімет бермейді. Бұл маңызы зор кітаптардың барлығы дерлік Ұлттық кітапхананың Сирек қор бөлімінің есебіне тіркелген әрі сақтаулы. Және ең ғажабы сол, не бір қилы аласапыран тұста осы кітаптар жойылмастан «жасырын» сақталып келген. Алаш зиялыларының кітаптарын «жыртты, өртеді, жойды» деген дақпырт сөздер бекер. Ақиқаты, бұл туындыларды елге «жойылды» деп, «көзбояушылықпен» тәркілеген. Бірақ, шын мәнінде, кейінгі оқымыстылар өз еңбектерінде оқу-ағарту саласы бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің негізгі оқулықтарын жазу үшін қажеттілік-

теріне қарай өзгертіп, жетілдіріліп, пайдаланып отырған.

Өйткені, осы тәркіленген кітаптардың орнын жаңа жүйе – кеңестік жүйенің жасақтаған тобының оқулықтары ауыстыра алмаған. Осы қапаста «құлыптаулы жатқан» Ахметтің оқулықтары негізінде орта, жоғары мектептердің қазақ тілі мен әдебиетінің жазылып әрі оқытылып келгені 1990 жылдардан кейін ғана мәлім болды. Бұл жөнінде әдебиетші, тілші мамандар өз зерттеулерінде жазып жүр. Бұдан көрінетіні: Кеңес үкіметінің Ахметтің есімін айтуға тыйым салғанымен, оның мұрасын қолдануға тыйым сала алмаған. Оған дәлел: ғалымның қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне қажетті ұғым-атауларға анықтама беріп, қисынын қалыптастырған жүйесінің аз өзгертулермен кеңес мектептерінде оқытылып келгені.

Қолданылған деректер тізімі

1. **Байтұрсынұлы, А.** Жазу тәртібі // Айқап № 4, Б. 84–86, 1911; Жазу мәселесі (Қол қ.: А.Б.) // Қазақ №34, 16 қазан 1913.
2. **Байтұрсынұлы, А.** Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. Т. IV:-384 б., «Оқу құралы» оқулығы. Б.18–36, 321–324.
3. **Жұбанов, Қ.** Қазақ тілінің ғылыми курсы//Поли-техникалық мектеп №7–8, 1933., 35-б.
4. **Алтынсарин, Ы.** Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1994.-288 б., Б.227–248.
5. **Байтұрсынұлы, А.** Оқу құралы. Бірінші кітап: Балаларға арналған әліппе. Орынбор, 1912.-40 б.; Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.-448 б., Б.33–47.
6. **Байтұрсынов, А.** Оқу құралы. Қазақша алифба. – Бишкек: Периодика, 1991.-97 б.
7. **Байтұрсынұлы, А.** (Қол қойған: Маса). Кітаптар жайынан // Айқап №1, Б. 12–13, 1911; Оқыту жайынан // Қазақ №29, 7 қыркүйек 1913.
8. **Жанпейісов, Е.** Байтұрсынұлы бастаулары // А.Байтұрсынұлы атындағы ТБИ Тілтаным №2, 2001, Б. 3–13.
9. **Байтұрсынұлы, А.** Жазу тәртібі // Айқап № 4, Б.84–86, 1911; Жазу мәселесі (Қол қ.: А.Б.) // Қазақ №34, 16 қазан 1913.
10. **Айтбаев, Ө.** Қоғамдық ғылымдар терминологиялық лексикасының қазақ тілінде қалыптасуы мен дамуы. – Алматы, 1991.-350 б.
11. **Машқанова, Н.** Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ жазуының реформаторы 1994.
12. **Қыдыршаев, А.** Ахмет Байтұрсынұлының әдіс-темелік мұрасы. Автореферат. – Алматы, 1995.-25 б.; Ахмет Байтұрсынұлының әдіс-темелік мұрасы. – Орал, 1998.-132 б.
13. **Ибрайымов, Қ.** А.Байтұрсынұлының еңбектеріндегі терминология және стилистика мәселелері. Автореферат. – Алматы, 2005.-27 б.
14. **Үсембаева, Р.** Ахмет Байтұрсынұлы мұралары арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу. Автореферат. – Алматы, 1999.-26 б.
15. **Иманбекова, Б.** Ахмет Байтұрсынұлының тәлімдік ой-пікірлерін педагогикалық колледждердің оқу тәрбие үрдісіне енгізу жолдары. Автореферат. – Алматы, 2000.-25 б.
16. **Байтұрсынұлы, А.** Тіл – құрал. Қазақ тілінің тілінің сарфы. 1-нші жылдық: Дыбыс жүйесі мен түрлері. Орынбор, 1914.-53 б.; Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.-448 б., Б.141–171, 173–198.
17. **Байтұрсынұлы, А.** Тіл – құрал. 2-нші жылдық: Сөздің жүйесі мен түрлері. Орынбор, 1914.-120 б.; Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.-448 б., Б.141–320.
18. **Байтұрсынұлы, А.** Тіл – құрал. 3-інші жылдық: Сөйлем жүйесі мен түрлері. Орынбор, 1923.-68 б.; Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.-448 б., Б.263–320.
19. **Байтұрсынұлы, А.** Байаншы. Әдіс-темелік құрал. Қазан, 1920.-15 б.; Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.-448 б., Б.323–333.
20. **Байтұрсынұлы, А.** Тіл – жұмсар. 1-ші бөлім. Қызыл-Орда, 1928.-46 б.; Тіл – жұмсар. 2-ші бөлім. Қ-О., 1929.-90 б.; Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.-448 б., Б.335–356.
21. **Байтұрсынұлы, А.** Сауат ашқыш. Ересектерге әліппе. Орынбор, 1924.-114 б.; Семей, 1926.-83 б.
22. **Байтұрсынұлы, А.** Әліпби. Жаңа құрал. Қызыл-Орда, 1926.-114 б. Қ-О., 1928.-116 б.; Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.-448 б., Б.49–89.
23. **Байтұрсынұлы, А.** Әліп-бій. Жаңа құрал. – Алматы: Рауан, 1998.-120 б.
24. **Айтбаев, Ө.** Қазақ терминологиясының атасы // Қазақстан әйелдері №4, Б.7–8, 1989.
25. **Сыздықова, Р.** Ахмет Байтұрсынов // Қазақ әдебиеті, 6 қаңтар 1989.
26. Ұлттық рухтың ұлы тіні. (Жауапты ред.: Жанпейісов Е). – Алматы: Ғылым, 1999.-568 б., Б.39, 52–66, 78, 250–261.
27. **Ақиев, С.** Терминнің тілдік және танымдық сипаты. – Алматы, 2002.-291 б.
28. **Құрманбайұлы, Ш.** Алаш және терминтану. Монография. – Алматы: Ел-шежіре, 2008.-240 б., Б. 7–25, 29–46, 47–53.

References

1. **Baitürsynöly, A.** Jazu tärıtıby // Aıqap № 4, B. 84–86, 1911; Jazu mäselesı (Qol q.: A.B.) // Qazaq №34, 16 qazan 1913.
2. **Baitürsynöly, A.** Alty tomdyq şyğarmalar jınağy. – Almaty: El-şejire, 2013. T. IV:-384 b., «Oqu quraly» oqulyğy. B.18–36, 321–324.
3. **Jübanov, Q.** Qazaq tiliniñ ğylymi kursy//Politehnikalyq mektep №7–8, 1933., 35-b.
4. **Altynsarin, Y.** Tañdamaly şyğarmalary. – Almaty: Ğylym, 1994.-288 b., B.227–248.
5. **Baitürsynöly, A.** Oqu quraly. Birinşi kitap: Balalarğa arnalğan älippe. Orynbor, 1912.-40 b.; Til tağylymy. – Almaty: Ana tılı, 1992.-448 b., B.33–47.
6. **Baitürsynov, A.** Oqu quraly. Qazaqşa alifba. – Bişkek: Periodika, 1991.-97 b.
7. **Baitürsynöly, A.** (Qol qoiğan: Masa). Kitaptar jaiynan // Aıqap №1, B. 12–13, 1911; Oqytu jaiynan // Qazaq №29, 7 qyrküiek 1913.
8. **Janpeiisov, E.** Baitürsynöly bastaulary // A.Baitürsynöly atyndağy TBİ Tiltanym №2, 2001, B. 3–13.
9. **Baitürsynöly, A.** Jazu tärıtıby // Aıqap № 4, B.84–86, 1911; Jazu mäselesı (Qol q.: A.B.) // Qazaq №34, 16 qazan 1913.
10. **Aitbaev, Ö.** Qoğamdyq ğylymdar terminologialyq leksikasynyñ qazaq tilinde qalyptasuy men damuy. – Almaty, 1991.-350 b.
11. **Maşqanova, N.** Ahmet Baitürsynöly – qazaq jazuyynyñ reformatory 1994.
12. **Qydyrşaeve, A.** Ahmet Baitürsynölynyñ ädistemelik mürasy. Avtoreferat. – Almaty, 1995.-25 b.; Ahmet Baitürsynölynyñ ädistemelik mürasy. – Oral, 1998.-132 b.
13. **Ibraimov, Q. A.** Baitürsynölynyñ eñbekterindegi terminologia jäne stilistika mäseleleri. Avtoreferat. – Almaty, 2005.-27 b.
14. **Üsembaeva, R.** Ahmet Baitürsynöly müralary arqyly bastauys synyp oquşylaryn adamğerşilikke tärbieleu. Avtoreferat. – Almaty, 1999.-26 b.
15. **Imanbekova, B.** Ahmet Baitürsynovtyñ tälimdik oi-pıkırlerin pedagogikalıq kolejderdiñ oqu tärbie ürdisine engizu joldary. Avtoreferat. – Almaty, 2000.-25 b.
16. **Baitürsynöly, A.** Til – qural. Qazaq tiliniñ tiliniñ sarfy. 1-nşı jyldyq: Dybys jüiesi men türleri. Orynbor, 1914.-53 b.; Til tağylymy. – Almaty: Ana tılı, 1992.-448 b., B.141–171, 173–198.
17. **Baitürsynöly, A.** Til – qural. 2-nşı jyldyq: Sözdin jüiesi men türleri. Orynbor, 1914.-120 b.; Til tağylymy. – Almaty: Ana tılı, 1992.-448 b., B.141–320.
18. **Baitürsynöly, A.** Til – qural. 3-inşı jyldyq: Söilem jüiesi men türleri. Orynbor, 1923.-68 b.; Til tağylymy. – Almaty: Ana tılı, 1992.-448 b., B.263–320.
19. **Baitürsynöly, A.** Baiansy. Ädistemelik qural. Qazan, 1920.-15 b.; Til tağylymy. – Almaty: Ana tılı, 1992.-448 b., B.323–333.
20. **Baitürsynöly, A.** Til – jümsar. 1-şı bölim. Qyzyl-Orda, 1928.-46 b.; Til – jümsar. 2-şı bölim. Q-O., 1929.-90 b.; Til tağylymy. – Almaty: Ana tılı, 1992.-448 b., B.335–356.
21. **Baitürsynöly, A.** Sauat aşqys. Eresekterge älippe. Orynbor, 1924.-114 b.; Semel, 1926.-83 b.
22. **Baitürsynöly, A.** Älipbi. Jaña qural. Qyzyl-Orda, 1926.-114 b. Q-O, 1928.-116 b.; Til tağylymy. – Almaty: Ana tılı, 1992.-448 b., B.49–89.
23. **Baitürsynöly, A.** Älib-bii. Jaña qural. – Almaty: Rauan, 1998.-120 b.
24. **Aitbaev, Ö.** Qazaq terminologiasynyñ atasy // Qazaqstan äielderi №4, B.7–8, 1989.
25. **Syzdyqova, R.** Ahmet Baitürsynov // Qazaq ädebieti, 6 qañtar 1989.
26. **Ülttyq ruhtyñ üly tını.** (Jauapty red.: Janpeiisov E). – Almaty: Ğylym, 1999.-568 b., B.39, 52–66, 78, 250–261.
27. **Aqaeve, S.** Terminniñ tıldık jäne tanymdyq sipaty. – Almaty, 2002.-291 b.
28. **Qürmanbaiöly, Ş.** Alaş jäne termintanu. Monografia. – Almaty: El-şejire, 2008.-240 b., B. 7–25, 29–46, 47–53.

Effective ways to introduce the legacy of Akhmet Baitursynov into the modern education system


R. S. Imakhanbet

Akhmet Baitursynov House Museum,
Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Republic of Kazakhstan



Annotation. The article analyzes the history of writing, publishing, circulation of the linguistic works of the legacy of Akhmet Baitursynov and the relevance of these works

to nowadays. The viability of the enlightener's linguistic heritage affects the analyzed studies, as well as selected collections of textbooks by A. Baitursynov, republished after the return of the personality's name to the society. Special attention will be paid to the fact that the noble heritage left behind by the teacher of the nation has been the subject of study since 1992 and that independence, based on the modern system of teaching these works, is a guarantee of strengthening the foundations of science in the national identity during the period.

 **Keywords:** teacher of the nation, educator, scientist-reformer, Kazakh alphabet, spelling of Baitursynov, leader of the writing of the nation, Kazakh linguistics, national literary science, Kazakh terminology.

Материал баспаға 23.02.2023 ж. келіп түсті.